

2009 жылды Зеренди аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркелетін жылды он жеті жасқа толатын ерек жынысты азаматтарды тіркеуден өткізуді үйимдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренди ауданы әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 29 шешімі. Ақмола облысы Зеренди ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 9 қаңтарда N 1-14-91 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренди ауданы әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 26 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренди ауданы әкімінің 2009.12.22

№

2 6

ш е ш і м і м е н

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 33, 37 баптары және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабы негізінде, жастарды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамды деңгейін анықтау, жалпы білімінің, алған мамандығының және дene тәрбиесі дайындығының деңгейін белгілеу мақсаттарында, аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. 2009 жылдың қаңтар-наурызында тіркелетін жылды он жеті жасқа толатын ерек жынысты азаматтарды Зеренди селосы Мир көшесі 6 мекен-жайы бойынша «Зеренди ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) (бұдан әрі – қорғаныс істері жөніндегі бөлім) шақырту участесіне тіркеу өткізілсін.

2. «Зеренди аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері С.Е. Таңатаровқа (келісім бойынша) қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақырту участесінің базасында дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін қажетті дәрігер, орташа медициналық персоналдың, сондай-ақ құрал-жабдықтардың қажетті санын бөлу жөнінде ұсыныс етілсін.

3. Зеренди ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы М.С. Қаскеев тіркеуден өткізу үшін бекітілген аудан бюджетіне сәйкес қаржыландыруды өткізсін.

4. Селолық округ және кент әкімдері мен үйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабын мәліметке алсын және өз құзырлары шегінде келесі шараларды қ а м т а м а с ы з е т с і н :

1) қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақырту участесіне тіркелуге жататын

азаматтарды хабардар ету және олардың уақытында келулерін қамтамасыз ету;

2) әскери-есептік құжаттарында қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің әскери есепке алғаны (әскери есептен шығарғаны) туралы белгілері болған кезде әскери қызметшілерді, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды түрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыру;

3) қорғаныс істері жөніндегі бөлімге әскери міндеттілердің, әскерге шақырылушылар мен әскер жасына дейінгілердің сандық құрамын растайтын құжаттар

б е р у ;

4) қорғаныс істері жөніндегі бөлімге әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуды жүргізуғе көмек көрсету;

5) әскери қызметшілердің, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың Әскери есеп ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру.

5. «Зеренді ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Р.Шәріповке (келісім бойынша) өз құзыры шегінде тіркеуден өткізу кезінде шақырту участесінде құқық тәртібінің және тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстau жөнінде ұсыныс етілсін.

6. Зеренді ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы З.Б.Қазияқпарова тіркеуді өткізу кезеңіне техникалық жұмыстарды атқаруға 1 жұмыссыз адам бөлсін.

7. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы Т.Ә.Бражановқа (келісім бойынша) тіркелетін жылды он жеті жасқа толатын ерекк жынысты азаматтарды тіркеуден өткізудің қорытындылары туралы Зеренді ауданының әкімін хабардар ету жөнінде ұсыныс етілсін.

8. Зеренді ауданы әкімінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 21 «2008 жылды Зеренді аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркелетін жылды он жеті жасқа толатын ерекк жынысты азаматтарды тіркеуден өткізуді ұйымдастыру туралы» шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде

№ 1-14-74 тіркелген, «Бірлік-Единство» аудандық газетінде 2008 жылғы 16 қаңтарда жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Э.А.Таласбаеваға жүктелсін.

10. Осы шешім Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев

К Е Л И С И Л Д И

Зеренді ауданы «Қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі» мемлекеттік
мекемсінің бастыры Т.Ә.Бражанов
Жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастыры З.Б.Қазияқпарова
«Зеренді аудандық емханасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері С.Е.Таңатаров
«Зеренді ауданының ішкі
істер бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастыры Е.Р.Шәріпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК